

**Бір жолғы талондарды беру және бір жолғы талондарды сатудан түсетін сомалардың толық жиналуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысының әкімдігінің 2007 жылғы 12 қыркүйектегі N 18/02 қаулысы . Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 19 қазанда N 1834 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 2013 жылғы 5 наурыздағы N 13/04 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының әкімдігінің 05.03.2013 N 13/04 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 21 бабы 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабының 1 тармағы 22-2) тармақшасына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Бір жолғы талондарды беру және бір жолғы талондарды сатудан түсетін сомалардың толық жиналуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережелері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Б. С. Камалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Нығматулин*

КЕЛІСІЛДІ

*Қ а з а қ с т а н*

*Р е с п у б л и к а с ы*

*Қ а р ж ы*

*м и н и с т р л і г і*

*С а л ы қ к о м и т е т і н і ң*

*Т ө р а ғ а с ы*

*Н. К.*

*Р а х м е т о в*

01 тамыз 2007 ж.

Қ а р а ғ а н д ы

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

1 2

қ ы р к ү й е к т е г і

N 18/02 қаулысымен бекітілді

## **Бір жолғы талондарды беру және бір жолғы талондарды сатудан түсетін сомалардың толық жиналуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру ережелер**

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 21 бабы 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабының 1 тармағы 22-2) тармақшасына сәйкес әзірленді, Қарағанды облысының аумағында бір жолғы талондарды беру және бір жолғы талондарды сатудан түсетін сомаларды толық жинауды қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Бір жолғы талондарды беру және бір жолғы талондарды сатудан түсетін сомаларды толық жинауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты "Қарағанды облысының бір жолғы талондарды беру жөніндегі басқармасы" ММ, оның Теміртау, Жезқазған, Балқаш қалаларындағы филиалдары және жоғары аталған мекеменің қызметкерлері (бұдан әрі - уәкілетті тұлғалар) ұйымдастырады.

3. Бір жолғы талондарды беру "Бір жолғы талондарды беру Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы N 1469 бұйрығымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2001 жылғы 30 қарашада 1685 нөмірмен тіркелген).

### **4. Уәкілетті тұлғалар:**

1) бір жолғы талондардың түбіршектерін толтырудың толықтығын, дұрыс толтыруын және сақталуын;

2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіпте берілген бір жолғы талондардың сомасын бюджетке уақытында және толық аударуды;

3) Бір жолғы талондарды беруді (алуды) тіркеу журналында бір жолғы талондарды берудің есебін жүргізуді;

4) бір жолғы талондарды беру бланкілерінің және қолма-қол ақшаның сақталуын;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгілеген нысан бойынша есептіден кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей ай сайын салық органына мынадай мәліметтерді беруді:

кәсіпкерлік қызметі бір жылда 90 күннен асатын жеке тұлғалар бойынша; бір жолғы талондардың пайдаланылған және бүлінген бланкілері туралы;

бір жолғы талондардың қалдығы туралы;  
бір жолғы талондарды беруден бюджетке аударылған сомалар туралы;  
жеке тұлғалар бір жолғы талондарды сатып алған 30 күннің аяқталатын күні  
т у р а л ы .

б) есептіден кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей ай сайын салық органына бір жолғы талондардың түбіршектерін, бүлінген және пайдаланылмаған бір жолғы талондардың бланкілерін тапсыруды.

7) жыл сайын бір жолғы талондар бланкілерінің қажеттілігі туралы салық органдарына өтініш ұсынуды қамтамасыз етеді.

5. Бір жолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға қойылған талаптарды бұзғандары, бір жолғы талондарды белгіленген соманың мөлшерінен төмен беру немесе бермегендері үшін уәкілетті тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік артады.